



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 21 мамыр

2018 жылғы 11 мамырдан 18 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

18 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,6%-ға (326,40-тан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 328,31 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 11 мамырдан 18 мамыр аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ пен Қытай арасындағы сауда саттық мәселелері бойынша айтарлықтай прогрестерге қол жеткізу, АҚШ-тағы тұрғын үй құрылысы, бөлшек сауда және өнеркәсіптік өндірістің өсуі туралы деректерді жария ету болды. Осы факторлар АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі деңгейінің ұлғаюымен қатар, әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының нығаюына әкелді, бұл дамушы нарықтардың барлық валюталарының әлсіреу себебі болды.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рәнді** президент Сирил Рамафостің құрылымдық реформаларының іске асырылуы туралы қобалжу және шетелдік инвесторлардың қаржылық дағдарыс уақытынан бастап ұлттық валютамен облигациялардың ең жоғары көлемін сату аясында 4,1%-ға (12,26-дан 12,76-ға дейін) әлсіреді;

- **Түрік лирасы** араласу туралы алыпсатарлықтан кейін реттеушінің валютаны қолдау туралы түсініктемелерінің болмауына байланысты 3,9%-ға (4,32-ден 4,49-ға) әлсіреді.

- **Бразилия реалы** Бразилияның Орталық Банкінің базалық мөлшерлемені 6,5%-дық деңгейде сақтау туралы шешімі аясында 3,9%-ға (3,60-тан 3,74-ке дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** Мексика президентінің кезекті сайлауы қарсаңында саяси белгісіздіктің аясында 2,7% -ға (19,42-ден 19,95-ке дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** Индонезия Банкінің базалық мөлшерлемені 0,25%-ға арттыру туралы шешіміне қарамастан 1,4%-ға (13 960-тан 14 156-ға дейін) әлсіреді. Сондай-ақ, реттеуші ұлттық валютаның айтарлықтай әлсіреуі жағдайында қосымша шаралар енгізу туралы хабардар етті;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

- **Үндістан рупиясы** әлемдік нарықтарда мұнай құнының өсуі аясында 1,0%-ға (67,33-тен 68,01-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,7%-ға (61,93-тен 62,36-ға дейін) әлсіреді.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz